

Тарбағатай ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 қарашадағы № 506 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 қарашада № 5286 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 маусымдағы № 322 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 18.06.2018 № 322 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Тарбағатай ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 15 наурыздағы № 93 "2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-аналарының ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4938 болып тіркелген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкінде 2017 жылғы 7 сәуірде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тарбағатай ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшерлері

Тәрбиеленушілер саны (адам)			Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын төлемақысының мөлшері ең жоғарғы шекті көлемі, теңге			Айыны ата-ана төлемақысының мөлшері ең жоғарғы шекті көлемі, теңге
Балабақшалар , бөбекжайлар	Мектеп - балабақша кешендері	Шағын - орталықтар	Балабақшалар , бөбекжайлар	Мектеп - балабақша кешендері	Шағын - орталықтар	
970	207	958	40000	17000	24000	11000